

«Гүлдер» жекеменшік балабақшасы



**Ата-анамен әдепті қарым-қатынас: сенім мен
сыйластық негізінде**

(дөңгелек үстел)

Педагогикалық әдеп кеңесі

Әдіскер: Джуматова Б

2026 жыл, қаңтар.

Тақырыбы: Ата-анамен әдепті қарым-қатынас: сенім мен сыйластық негізінде

Мақсаты: Педагог пен ата-ана арасындағы өзара сенім мен сыйластыққа негізделген әдепті қарым-қатынасты қалыптастыру, тиімді диалог орнату жолдарын талқылау.

Міндеттері:

- ата-анамен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормаларын нақтылау;
- сенімді және ашық қарым-қатынас орнату тәсілдерін қарастыру;
- педагогикалық такт пен сөйлеу мәдениетін дамыту;
- педагог пен ата-ананың серіктестік қарым-қатынасын нығайту.

Өткізу формасы:

Дөңгелек үстел, пікір алмасу, жағдаяттық талдау.

Кіріспе сөз

Жүргізуші қатысушыларды қарсы алып, дөңгелек үстелдің тақырыбы мен мақсатын таныстырады. Бала тәрбиесінде педагог пен ата-ананың бірлескен жұмысының маңызы атап өтіледі. Өзара сенім мен сыйластықтың әдепті қарым-қатынастың негізі екендігі айтылады.

Негізгі бөлім

1. Ата-анамен әдепті қарым-қатынастың мәні

Жүргізуші ата-анамен қарым-қатынаста педагогикалық әдепті сақтаудың негізгі қағидаларын атап өтеді:

- сыпайы сөйлеу мәдениеті;
- ата-ананың пікірін құрметтеу;
- баланың жеке тұлғасына және отбасына сыйластық;
- құпия ақпаратты жария етпеу;
- кез келген жағдайда кәсіби сабырлылық сақтау.

2. Пікір алмасу

Қатысушылар ата-анамен қарым-қатынас жасау тәжірибелерімен бөліседі, қиындықтар мен оларды шешу жолдарын ортаға салады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Сенімді қарым-қатынас қалай қалыптасады?
- Қиын жағдайда әдепті қалай сақтау керек?
- Сыйластықтың болмауы қандай мәселелерге әкеледі?

Жағдаяттық тапсырмалар

Қатысушыларға ата-анамен қарым-қатынасқа байланысты жағдаяттар ұсынылады.

1-жағдаят:

Ата-ана баласының мінез-құлқына байланысты наразылық білдіреді.

Талқылау: Педагогтың әдепті жауап беру жолдары.

2-жағдаят:

Ата-ана тәрбиешінің жұмысына эмоционалды түрде сын айтады.

Талқылау: Қарым-қатынасты ушықтырмай, кәсіби диалог жүргізу.

3-жағдаят:

Ата-ана баласы туралы ақпаратты көпшілік алдында сұрайды.

Талқылау: Педагогикалық әдеп тұрғысынан дұрыс әрекет.

Қорытынды бөлім

Жүргізуші дөңгелек үстел барысында айтылған негізгі ойларды жинақтайды. Ата-анамен әдепті қарым-қатынас – өзара сенімге, ашықтыққа және сыйластыққа негізделетін үздіксіз процесс екені атап өтіледі. Педагогтардың кәсіби этиканы сақтауы бала дамуына оң әсер ететіні қорытындыланады.

Қорытынды ұсыныстар

- ата-анамен сөйлесуде әрдайым сыпайы әрі сабырлы болу;
- тыңдай білу және түсінуге ұмтылу;
- педагогикалық әдеп нормаларын күнделікті тәжірибеде қолдану;
- ата-ананы тәрбие процесінің серіктесі ретінде қабылдау.